

## Мемлекеттік кәсіпорын туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 2011.03.01 N 413-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 04 қарашадағы N 472 Заңымен енгізілген өзгерістер 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. Актің нысаны өзгерді, бүкіл мәтін бойынша "Жарлықпен", "Жарлығымен", "Жарлықтың", "Жарлық", "Жарлықта" деген сөздер "Заңмен", "Заңымен", "Заңның", "Заң", "Заңда" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2004.06.11 N 561 Заңымен.

## 1-Тарау. Жалпы ережелер

### 1-бап. Мемлекеттік кәсіпорындар

1. Мемлекеттік кәсіпорындарға:

1) шаруашылық жүргізу құқығына негізделген кәсіпорындар;

2) жедел басқару құқығына негізделген (қазыналық кәсіпорын) кәсіпорындар жатады.

2. Мемлекеттік меншіктің түрлеріне қарай кәсіпорындар:

1) республика меншігіндегі кәсіпорындар - республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;

2) коммуналдық меншіктегі кәсіпорындар - коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар болып бөлінеді.

3. Басқа мемлекеттік кәсіпорын құрған мемлекеттік кәсіпорын еншілес мемлекеттік кәсіпорын болып табылады.

4. (алып тасталды)

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құратын кәсіпорындар Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кәсіпорындарының қызметін құру, реттеу және тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген ерекшеліктерін ескере отырып,

о с ы

З а ң м е н

б е л г і л е н е д і .

**Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11 N 154, 2004.06.11 N 561 Заңдарымен.**

## **2-бап. Мемлекеттік кәсіпорындардың міндет-мақсаты**

1. Мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің негізгі міндет-мақсаты қоғам мен мемлекеттің қажетіне қарай айқындалатын мынадай әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу болып табылады:

1) мемлекеттің қорғаныс қабілетін материалдық жағынан қамтамасыз ету және қоғам мүддесін қорғау;

2) экономиканың жеке меншік секторы қамтымаған немесе жеткіліксіз қамтыған қоғамдық өндірістің буындары мен салаларында бірінші қажеттіліктегі тауарларды өндіру (жұмыстар атқару, қызметтер көрсету);

3) мемлекеттік монополияға жатқызылған немесе бақылау және қадағалау функцияларын қоспағанда, мемлекеттің функциясы болып табылатын салалардағы қызметті жүзеге асыру.

2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың атаулы тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың атаулы тізбесін тиісті жергілікті атқарушы органдар бекітеді.

**Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.23 N 2722 заң күші бар жарлығымен, 2001.05.04 N 185, 2002.05.21 N 323 Заңдарымен.**

## **3-бап. Мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік басқару және мемлекеттік меншік құқығын жүзеге асыру**

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің функцияларын республикалық мемлекеттік меншікке билік етуге Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - уәкілетті орган) орындайды.

Министрліктер, агенттіктер, ведомстволар және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген өзге де мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органдары (бұдан әрі - мемлекеттік басқару органдары) болып табылады.

2. Коммуналдық меншік құқығы субъектісінің коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты функцияларын тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімияты (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімияты не жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, әкім уәкілеттік берген атқарушы орган (бұдан әрі -

мемлекеттік басқару органы) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 1995.12.23 N 2722 заң күші бар жарлығымен, ҚР 1997.07.11 N 154, 2002.05.21 N 323 Заңдарымен.

#### **4-бап. Мемлекеттік кәсіпорынды құру**

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Ұлттық Банктің шешімі бойынша, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын - Қазақстан Республикасы Үкімет белгілеген тәртіппен жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша құрылады.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның құрылтайшысы уәкілді орган болады.

3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды құруға, егер ол өзінің міндет-мақсаты бойынша осы Заңның 18-бабында айтылған талаптарға сай келген жағдайда жол беріледі.

Қазыналық кәсіпорынды құруға, егер ол өзінің міндет-мақсаты бойынша осы Заңның 32-бабында айтылған талаптарға сай келген жағдайда жол беріледі.

4. Қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құру монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11 N 154, 2002.05.21 N 323, 2008.12.25 N 113-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **5-бап. Мемлекеттік кәсіпорындарды тіркеу және қайта тіркеу**

1. Мемлекеттік кәсіпорын өзі мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылған деп саналады және заңды тұлғаның құқығына ие болады.

Мемлекеттік кәсіпорындарды тіркеу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Бұл заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу туралы заң актілерінде көзделген жағдайда мемлекеттік кәсіпорын қайта тіркеуге жатқызылады.

#### **6-бап. Мемлекеттік кәсіпорынның жарғысы**

1. Жарғы мемлекеттік кәсіпорынның құрылтайшы құжаты болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорынның жарғысын мемлекеттік басқару органының ұсынуы бойынша оның құрылтайшысы (уәкілетті органы) бекітеді.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында: кәсіпорынның түрі, оның фирмалық атауы, құрылтайшысы (уәкілетті органы) туралы мәлімет, кәсіпорынның тұрған жері, оның қызметінің мәні мен мақсаты, басшының өкілеттігі, жұмыс режимі, кәсіпорын мүлкінің құралуы мен табысты бөлу тәртібі, кәсіпорынды қайта ұйымдастыру мен оның қызметін тоқтату шарттары болуы

тиіс. Жарғыда сондай-ақ кәсіпорын мен құрылтайшы (уәкілетті орган), кәсіпорынның әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастары айқындалады. Жарғыда заңдарға қайшы келмейтін басқа да е р е ж е л е р б о л у ы м ү м к і н .

**Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.**

#### **7-бап. Мемлекеттік кәсіпорынның фирмалық атауы**

1. Мемлекеттік кәсіпорынның фирмалық атауында мүлік иесі мемлекеттік меншіктің қай түріне (республикалық немесе коммуналдық) жататыны және ведомстволық бағыныстылығы көрсетілуі керек.

Жедел басқару құқығындағы кәсіпорынның фирмалық атауында оның қазыналық болып табылатындығы көрсетілуі тиіс.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және фирмалық атауы бар мөрі болады.

#### **8-бап. Мемлекеттік кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаты**

1. Мемлекеттік кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын, мемлекеттік басқару органының ұсынуы бойынша, оның құрылтайшысы (уәкілетті органы) айқындайды, бұл кәсіпорынның жарғысында бекітіледі және шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарға қатысты бөлігінде - осы Заңның 18-бабының талаптарына, ал қазыналық кәсіпорындарға қатысты бөлігінде - осы Заңның 32-бабының талаптарына сәйкес келуі керек.

Мемлекеттік кәсіпорындарға мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын беруге жол берілмейді.

2. Мемлекеттік кәсіпорынға өз Жарғысында көрсетілген қызметінің нысанасы мен мақсатына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ мәмілелерді жасауына тыйым салынады.

3. Кәсіпорынның жарғысында айқындалған, қызмет мақсатына қайшы жасаған мәмілесі заңдарда белгіленген тәртіппен оның құрылтайшысының (уәкілді органының) талабы бойынша күші жоқ деп танылуы мүмкін.

Кәсіпорын басшысының кәсіпорынның қызметінде жарғыдан тыс іс-әрекет жасауы еңбек міндеттерін бұзған болып табылады және белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тарту шараларын қолдануға апарып соғады.

**Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.10.04 N 469, 2001.05.04 N 185, 2002.05.21 N 323 Заңымен.**

#### **9-бап. Мемлекеттік кәсіпорынды басқару**

1. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органының мыналарға:

1) мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын айқындауға;

2) мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарын, оның ішінде жоспарлы қаржылық көрсеткіштерін, оларды берудің мерзімділігі мен тәртібін қарауға және бекітуге;

3) уәкілетті органға тиісті есепті ол белгілеген мерзімде табыс ете отырып, мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарлы көрсеткіштерінің орындалуын бақылауға және талдауға; V032250

4) Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жекелеген мемлекеттік білім беру кәсіпорындарының бірінші басшыларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен басшыны тағайындауға және оны аттестаттаудан өткізуге;

5) мемлекеттік кәсіпорын мүлкінің мақсатқа сай пайдаланылуын және сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

6) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өкілеттіктері болады.

2. Заңды тұлға ретінде кәсіпорынның органы мемлекеттік басқару органына есеп беретін кәсіпорынның басшысы болып табылады.

3. Мемлекеттік басқару органы кәсіпорынның басшысымен қатынасты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шартын жасасу а р қ ы л ы р е с і м д е й д і .

Еңбек шартында, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген талаптардан басқа, кәсіпорын басшысының таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармағаны және қаржы-шаруашылық есептілігі туралы мәліметтерді уақтылы табыс етпегені үшін жауапкершілігі айқындалады.

4. Кәсіпорын басшысы меншік иесінің (уәкілетті органның) және мемлекеттік басқару органының алдында кәсіпорындағы істің жай- күйі үшін тікелей жауапты болады.

5. Кәсіпорын басшысы жеке дара басшылық жасау принциптері бойынша іс-қимыл жасайды және кәсіпорынның барлық мәселелерін осы Заң мен кәсіпорын жарғысы белгілеген құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

6. Басшы кәсіпорын атынан сенімхатсыз іс-қимыл жасайды, барлық органдарда кәсіпорынның мүддесін білдіреді, осы Заңмен белгіленген шектерде кәсіпорынның мүлкіне өкімдік етеді, шарттар жасайды, сенімхат береді, банкілік есеп-шоттарын ашады және өзге де мәмілелер жасайды, барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді.

7. Басшы өз құзыреті шегінде және еңбек заңдарына сәйкес қызметкерді кәсіпорынға жұмысқа қабылдайды және онымен еңбек шартын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазаға тартады.

Басшының ұсынысы бойынша мемлекеттік басқару органы лауазымға тағайындайтын немесе лауазымнан босататын кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы кәсіпорынның жарғысында белгіленеді.

8. Басшының орынбасарларын кәсіпорын басшының ұсынысы бойынша мемлекеттік басқару органы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Басшының орынбасарларының және кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін басшы белгілейді.

Басшының орынбасарлары өздерінің құзыреті шегінде кәсіпорынның атынан іс-қимыл жасайды, оны мемлекеттік органдарға және басқа кәсіпорындарға танытып білдіреді, шаруашылық операцияларын және сенімхатсыз шарттар жасап, сондай-ақ кәсіпорын қызметкеріне сенімхат бере алады.

**Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323, 2004.06.11 N 561, 2006.07.04 N 150, 2007.05.15 N 253 Заңдарымен.**

### **10-бап. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі**

1. Кәсіпорынның мүлкін құны кәсіпорынның дербес балансында көрсетілетін кәсіпорынның барлық активтері құрайды.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және оны салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, соның ішінде кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

3. Мемлекеттік кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қосқанда);
- 3) заңдармен тыйым салынбаған өзге де қаражат негіздерінің есебінен қалыптастырылады.

4. Мемлекеттік кәсіпорындардың негізгі құралдарға жататын, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында бекітілген мүлікке, сондай-ақ оларға тиесілі акцияларға қатысты сатуға және сыйға беру мәмілелерін жасасуға құқығы жоқ.

5. Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде уәкілетті орган мемлекеттік кәсіпорынға кейіннен мүлікті баланстан шығара отырып, оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстаудың және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілеуге құқылы.

**Ескерту. 10-бапқа өзгертулер енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323, 2007.02.28 N 235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

**11-бап. Мемлекеттік меншік түрі не ведомстволық бағыныстылығы ауысқан кезде кәсіпорынның мүлктік құқықтарының сақтаулы**

Заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорынды республикалық иеліктен коммуналдық иелікке бергенде немесе керісінше істегенде, не мемлекеттік басқарудың бір органының бағынысынан басқа бір органның бағынысына берген кезде ондай кәсіпорын өзіне тиісті мүлікке шаруашылық жүргізу құқығын (жедел басқару құқығын) сақтап қалады.

### **12-бап. Мүліктік кешен ретіндегі мемлекеттік кәсіпорын**

1. Мемлекеттік кәсіпорын тұтас алғанда мүлік кешені ретінде жылжымайтын мүлік болып танылады және мемлекеттік меншік құқығының объектісі болып табылады.

2. Мүліктік меншік ретінде кәсіпорынның құрамына оның қызмет етуіне арналған мүліктің барлық түрлері, оның ішінде үйлер, ғимараттар, жабдықтар, құрал-саймандар, шикізат, өнімдер, жер учаскесіне құқығы, талап ету құқықтары, борыштар, сондай-ақ оның қызметін дараландыратын белгілерге құқықтар (фирмалық атауы, тауар белгілері) және басқа да айрықша құқықтар енеді.

3. Республикалық мемлекеттік кәсіпорын жөнінде ол біртұтас мүліктік кешен ретінде болғанда мәмілелер (кепілге беру, жалдау және басқалары) жасауы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша, ал коммуналдық кәсіпорын жөнінде - жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.**

### **13-бап. Мемлекеттің тапсырысы**

1. Мемлекеттік кәсіпорын үшін мемлекеттің тапсырысын орындау міндетті болып табылады.

Егер бұл шарттар мемлекеттің тапсырысында көзделген болса, кәсіпорынның тауарларды (жұмыстар атқаруды, қызметтер көрсетуді) сатып алушы немесе сатушы ретінде шарттар жасаудан бас тартуға құқығы жоқ.

2. Мемлекеттің тапсырысы, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ұсыну нысандары мен түрлер бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда, кәсіпорынға мемлекеттік басқару органы арқылы жеткізіледі.

3. Мемлекеттің тапсырысында қамтылмаған өнімдерді (жұмыстар атқаруды, қызметтер көрсетуді) кәсіпорын өз бетімен сатады.

**Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21. N 323, 2009.12.02 N 212-IV (2009.12.05 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **14-бап. Заңсыз келген табыстарды кәсіпорыннан алып қою**

Заңдарда тыйым салынған, оның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан кәсіпорынға түскен табыс, сондай-ақ сатылатын тауарлардың (жұмыстар атқарудың, қызметтер көрсетудің) бағасын көтеру нәтижесінде түскен табыс Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен

республикалық немесе жергілікті бюджетке алып қойылады.

**Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.**

**15-бап. Мемлекеттік органдардың заңсыз іс-әрекеттеріне кәсіпорынның шағым жасауы**

Кәсіпорын мемлекеттік органдардың заңсыз іс-әрекеттеріне, оған қоса ол уәкілді органның кәсіпорын пайдасын алып қоюға, мүлікті қайта бөлуге, мемлекеттің тапсырысын беруге, кәсіпорын шығаратын тауарларға (жұмыстар атқаруға, қызметтер көрсетуге) баға қоюға байланысты жасаған, сондай-ақ кәсіпорынның құқығы бұзылатын басқадай іс-әрекеттеріне белгіленген тәртіп бойынша сотқа шағым жасауға құқылы.

**16-бап. Мемлекеттік кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен, ал коммуналдық кәсіпорын - жергілікті атқарушы органның шешімімен қайта ұйымдастырылады және таратылады.

Кәсіпорын азаматтық заңдарда көзделген басқа негіздемелер бойынша да таратылуы мүмкін.

Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

2. Таратылған кәсіпорынның кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін уәкілді орган қайта бөледі.

Таратылған кәсіпорынның ақшасы осы кәсіпорынның кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалатын мүлкін сату нәтижесінде түскен ақша қаражатымен қоса тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

**Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11 N 154, 2002.05.21 N 323 Заңдарымен.**

**17-бап. Мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендіру**

Мемлекеттік кәсіпорын жекешелендіру туралы заңдарда белгіленген тәртіппен жекешелендіріледі.

**2-Тарау. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын**

**18-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның міндет-мақсаты**

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын мынадай қызметтер аясында құрылуы (бұрын құрылғандарды іс-әрекет жасауы) мүмкін:

1) қару-жарақты және оның оқ-дәрісін, қорғаныс құралдарын, әскеритехникасын, қосалқы бөлшектерді, санатталатын элементтер мен оның



приборларын әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату; босатылған әскери-техникалық құралдарды қайта өңдеу және жою (құрту, ұқсату, көму);

2) уранды және басқа бөлшектенетін материалдарды, сондай-ақ одан жасалатын бұйымдарды алу, өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу, көму және сату; арнаулы қорғаныс құралдарын қолданбай-ақ пайдалануға болатын нормадан асатын мөлшерде радиоактивті заттары бар өнім шығару және сату;

3) дәрі-дәрмектер, дәрілік заттар мен емдеу препараттарын, медициналық жабдықтар мен құрал-сайман жасау және сату;

4) (алып тасталды - ҚР 2001.05.04 N 185 Заңымен).

5) энергиямен, жылумен, сумен жабдықтау, желілік көлік, байланыс, коммуникация, коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығы саласында, республикалық және жергілікті инфрақұрылымда тіршілікте қамтамасыз ететін басқа жүйелерде өзінің табиғи монополия жағдай мен әлеуметтік экономикалық маңыздылығы жағынан тікелей мемлекеттік басқаруын қажет ететін шаруашылық қызметін жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өзіне жүктелген міндеттерін жүзеге асыруына жәрдемдесетін және (немесе) қаржы рыногы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын;

7) заңдарда қаржыландырудың арнайы тәртібі белгіленген мемлекеттік автомобиль жолдарының және басқа инфрақұрылым объектілерінің желісін ұстау мен дамыту;

8) почта байланысы мен телекоммуникация, жалпыреспубликалық және халықаралық байланыс желілерін пайдалану;

9) денсаулық сақтау, ветеринария, табиғатты қорғау, білім беру, әлеуметтік қорғау, ғылым, мәдениет, туризм және спорт саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

10) бұқаралық ақпарат құралдары, баспа және полиграфия қызметі саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

11) қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы өндірістік қызметті жүзеге асыру;

12) жер кадастрларын, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізуді қамтамасыз ететін қызметті жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік материалдық резервін қалыптастыру және сақтау саласында шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

14) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, бірегей және сирек кездесетін ландшафтарды, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласында шаруашылық қызметті жүзеге асыру.

Мемлекеттік органдардың қызметтік ғимараттарын пайдалануды, оларға көлік қызметін көрсетуді және оларды жабдықтау функцияларын орындауды

жүзеге асыру мақсатында шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар құруға тыйым салынады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.11.04 N 472, 2001.05.04 N 185, 2003.06.03 N 431, 2004.06.11 N 561, 2007.07.26 N 311, 2009.07.10 N 180-IV, 2009.07.24 N 190-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен

### **19-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның мазмұны**

Шаруашылық жүргізу құқығы мүлікті мемлекеттен меншік иесі ретінде алған және осы мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және өзге де заң құжаттарында белгіленген шекте жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы болып табылады. P021297

### **20-бап. Шаруашылық жүргізу құқығының объектісі**

1. Егер заңдарда өзгеше көзделмесе, кез келген мүлік шаруашылық жүргізу құқығының объектісі бола алады.

2. Кәсіпорынның қарамағында тек өзінің жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті, не осы қызметтің өнімі ретінде алынған мүлік қана бола алады.

### **21-бап. Кәсіпорынның жарғылық және резервтік капиталдары**

1. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшерін оның құрылтайшысы белгілейді, бірақ оның мөлшері кәсіпорынға берілген мүліктің жалпы құнынан аспауы керек және кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 10.000 кем болмайды.

Жарғылық капиталдың мөлшері кәсіпорынның жарғысында көрсетіледі.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) кәсіпорынды мемлекеттік тіркеуден өту қарсаңында толық құруға тиіс.

2. Жарғыда көрсетілгендей кәсіпорын резерв капиталын қалыптастыруға міндетті және ол жарғылық капиталдың 10 процентінен кем болмауы керек және резерв қорының белгіленген дәрежесіне жеткенге дейін өз билігінде қалған таза кірістің кем дегенде 5 процентін осы мақсатқа жұмсауы керек.

Резерв капиталының қаржысы тек қана шығынды жабуға, бюджет алдындағы міндеттемелерді орындауға, мемлекеттік кредиттерді өтеуге және кәсіпорынның басқадай қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда сыйақы (мүдде) өтем төлеуге жұмсалады.

3. Егер кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері туралы заң актілерінде жарғылық және резервтік капиталдардың өзге тәртіптерін қалыптастыру мен мөлшерлері белгіленген болса, онда кәсіпорындар оларды осы актілерде көзделген мөлшерлерде құрады, бірақ ол осы баптың 1-тармағында

көрсетілгеннен кем болмауы керек.

Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.06.19 N 132, 1997.07.11 N 154, 2002.05.21 N 323, 2004.06.11 N 561 Заңымен.

## **22-бап. Шаруашылықты жүргізу құқығына ие болу және тоқтату**

1. Мүлікті құрылып қойған мемлекеттік кәсіпорынға бекіту туралы меншік иесі (уәкілді орган) шешім қабылдаған мүлікке қатысты шаруашылық жүргізу құқығы, егер заңдарда немесе меншік иесінің (уәкілдік органның) шешімінде өзгеше белгіленбесе, бұл кәсіпорында мүлікті кәсіпорынның дербес балансына бекітіп берген сәттен бастап пайда болады.

2. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемісі, өнімі мен кірісі, сондай-ақ кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік меншік құқығына ие болуға арналған заң актілерінде белгіленген тәртіппен кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне келіп түседі.

3. Мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы меншік құқығын тоқтатуға арналған заңдарда көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ меншік иесінің (уәкілді органның) шешімімен кәсіпорыннан мүлік заңды жолмен қайтарып алынған жағдайларда тоқтатылады.

Заңды жолмен қайтарып алу реттеріне, атап айтқанда:

1) кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсатына сай келмеген мүлікті қайтарып алу (осы Заңның 20-бабының 2-тармағы);

2) артылып қалған, пайдаланылмайтын не өз мақсатында пайдаланылмайтын мүлікті қайтарып алу жатады.

**2 3 - б а п .**

Ескерту. 23-бап алынып тасталды - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.

**2 4 - б а п .**

Ескерту. 24-бап алынып тасталды - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.

## **25-бап. Кәсіпорынның мүліктік құқықтарын жүзеге асыру шарттары**

1. Қызметін шаруашылық жүргізу құқығы негізінде жүзеге асыратын кәсіпорынның уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз:

1) өзіне тиесілі үйлерді, ғимараттарды, жабдықтарды және кәсіпорынның басқа да негізгі құралдарын иеліктен айыруға немесе өзге де әдіспен оларға билік етуге (осы Заңның 10-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда), ұзақ мерзімді (үш жылдан астам) жалға беруге, уақытша тегін пайдалануға беруге;

2) филиалдар, өкілдіктер мен еншілес кәсіпорындар құруға жеке кәсіпкерлермен бірге кәсіпорындар мен бірлескен өндірістер құруға, оларға өзінің өндірістік және ақшалай капиталын салуға;

2-1) өзіне тиесілі акцияларға (осы Заңның 10-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;

2-2) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

3) заемдар беруге құқы жоқ.

2. Егер меншік иесі (уәкілді орган) өзгеше белгілемесе, осы баптың 1-тармағында көрсетілген мүлікпен мәміле жасаудан алынған ақшаны кәсіпорын өздігінен пайдаланады.

3. Егер заңдарда өзгеше көзделмесе, кәсіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығына бекітіліп берілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

**Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11 N 154, 2002.05.21 N 323 Заңымен.**

### **26-бап. Кәсіпорын өндірген тауарлардың бағасы**

1. Кәсіпорын өндірген тауарлардың (атқарылған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) бағасы кәсіпорынның оларды өндіруге, атқаруға, көрсетуге кеткен шығынды толық өтеуге, оның жұмысын шығынсыз етуге және өз кірісі есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етуге тиіс.

2. Мемлекеттің тапсырысын орындау есебіне кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (атқарылған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің) бағасын мемлекеттік басқару органының келісуі бойынша кәсіпорын, осы баптың 1-тармағында айтылған талаптарды ескере отырып белгілейді.

Кәсіпорын мемлекеттің тапсырысынан тыс өндіретін және өткізетін тауарлардың (атқаратын жұмыстардың, көрсететін қызметтердің) бағасын кәсіпорын дербес белгілейді.

3. (алып тасталды - ҚР 2007.07.27 N 316 Заңымен)

**Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323, 2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27 N 316 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **27-бап. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

1. Кәсіпорын өз қызметінен алған меншікті табысы есебінен ұсталады. Мемлекеттік кәсіпорынға қаражат заңдарда көзделген тәртіппен беріледі.

2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік кәсіпорындарын қоспағанда) таза табысының бір бөлігін аудару нормативін мемлекеттік басқару органы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімімен жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейін белгілейді.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін

аудару нормативін мемлекеттік басқару органы жергілікті қаржы органдарының келісімімен жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейін белгілейді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджетке есептелуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының таза табысының бір бөлігі өздері белгілейтін мерзімде, мөлшерде және тәртіппен оның бюджетіне есептелуге тиіс.

**Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.**

### **28-бап. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу**

1. Кәсіпорынның еңбекке ақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын мемлекеттік басқару органы белгілеп отырады.

2. Еңбекке ақы төлеу нысандары, штат кестесін лауазымдық жалақының мөлшерін, сыйлық беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде кәсіпорын дербес анықтайды.

Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, оларға сыйлық беру және өзге де сыйақы жүйесін мемлекеттік басқару органы белгілейді.

**Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.**

**2 9 - б а п .**

**Ескерту. 29-бап алынып тасталды - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.**

### **30-бап. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүліктің бәрімен жауап б е р е д і .

Кәсіпорын өз мүлкін иеленушінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Құрылтайшының (уәкілетті органның) немесе мемлекеттік басқару органының іс-әрекетінен банкротқа ұшырағаннан басқа жағдайда мемлекет кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Мұндай жағдайда мемлекет кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға кәсіпорынның қаржысы жетіспеген ретте оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

Заң актілерінде кәсіпорынның міндеттемелері бойынша мемлекеттің жауапкершілігінің өзге де жағдайлары белгіленуі мүмкін.

**Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.**

## **3-Тарау. Қазыналық кәсіпорын**

### **31-бап. Қазыналық кәсіпорын ұғымы**

Жедел басқару құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие кәсіпорын қазыналық болып табылады.

### **32-бап. Қазыналық кәсіпорынның мақсаты**

Қазыналық кәсіпорындар заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) төтенше және авариялық жағдайларда кен-құтқару және өзге де арнаулы жұмыстарды орындау, өрттен, су тасқынынан және басқа да табиғи зілзаладан қ о р ғ а у ;

2)

3) қылмыстық-атқару жүйесі саласындағы өндірістік қызметті жүзеге асыру;

4) топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізу;

5) денсаулық сақтау, табиғатты қорғау, білім беру, әлеуметтік қорғау, ғылым, мәдениет және спорт саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

6) мемлекеттік органдардың қызметтік ғимараттарын пайдалануды, оларға көлік қызметін көрсетуді және оларды жабдықтау функцияларын орындауды жүзеге асыру;

7) кеме жүзетін жолдар мен гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) күтіп-ұстау мен дамыту;

8) мемлекеттік монополияға жатқызылған салалардағы қызметті жүзеге асыру ;

9) жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық есепке алу қызметін жүзеге асыру үшін құрылуы мүмкін.

**Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.11.04 N 472, 2001.05.04 N 185, 2004.06.11 N 561, 2007.07.26 N 311 Заңдарымен.**

### **33-бап. Қазыналық кәсіпорынды жедел басқару құқығының мазмұны**

Жедел басқару құқығы қазыналық кәсіпорынның меншік иесінен алған және өз қызметінің мақсатына, меншік иесінің тапсырмалары мен мүліктің мақсатына сәйкес осы Заң мен өзге де заң актілерінде белгіленген шекте сол мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын заттық құқық болып табылады.

### **34-бап. Жедел басқару құқығының объектісі**

1. Егер осы Заңда және басқа заңдарда өзгеше көзделмесе, кез келген мүлік жедел басқару құқығының объектісі болуы мүмкін.

2. Қазыналық кәсіпорын өзінің жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті мүлікті ғана жедел басқару құқығы негізінде иемдене алады.

### **35-бап. Жедел басқару құқығына ие болу және оны тоқтату**

1. Жедел басқару құқығына ие болу мен оны тоқтату, егер осы Заң пен өзге де заңдарда басқаша белгіленбесе, меншік құқығына және өзге заттық құқықтарға

ие болу мен оны тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне көзделген шарттар мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

2. Қазыналық кәсіпорынның мемлекеттік басқару органының жазбаша келісімсіз негізгі құралдарға жататын мүлікті сату-сатып алу, айырбастау, сыйға тарту шарттары немесе өзге мәміле негізінде алуға құқығы жоқ.

3. (алып тасталды - ҚР 2004.06.11 N 561 Заңымен)

Ескерту. 35-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323, 2004.06.11 N 561 Заңымен.

### 3 6 - б а п .

Ескерту. 36-бап алынып тасталды - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.

#### **37-бап. Кәсіпорынның жедел басқаруына берілген мүлікті меншік иесінің қайтып алу және қайта бөлу құқығы**

Қазыналық кәсіпорынға бекітіп берілген мүлік иесі, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, өз қалауы бойынша мүлікті қайтарып алуға немесе оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

#### **38-бап. Қазыналық кәсіпорынның мүлкіне билік ету**

Қазыналық кәсіпорын өзіне бекітіліп берілген мүлікті және өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде түскен қаражат есебінен сатып алынған мүлікті, осы Заңның 10-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана жатсындыруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқылы.

Қазыналық кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323, 2004.06.11 N 561 Заңымен.

#### **39-бап. Қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызметі**

Қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызметі оның жарғыда көрсетілген мақсаттары мен міндеттерімен, сондай-ақ кәсіпорынға мемлекеттік басқару органы арқылы жеткізілетін мемлекеттің тапсырыстарымен анықталады.

Өзге шаруашылық қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

Ескерту. 39-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2001.05.04 N 185, 2002.05.21 N 323 Заңдарымен.

#### **40-бап. Қазыналық кәсіпорын өндірген тауарлардың бағасы**

Қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (атқаратын жұмыстардың, көрсететін қызметтердің) бағасын мемлекеттік басқару органы белгілейді.

Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.10.04 N 469, 2002.05.21 N 323,

2006.07.07 N 174 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27 N 316 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **41-бап. Қазыналық кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

1. Қазыналық кәсіпорынның қызметі мемлекеттік тапсырысты бөле отырып, мемлекеттік басқару органы бекітетін смета бойынша өз табысының есебінен қаржыландырылады.

2. Қазыналық кәсіпорынның сметадан тыс алған табысы тиісті бюджетке  
а у д а р ы л у ғ а ж а т а д ы .

Ескерту. 41-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1999.11.04 N 472, 2002.05.21 N 323 Заңдарымен.

#### **42-бап. Қазыналық кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу**

Қазыналық кәсіпорынның еңбекке ақы төлеу қорын мемлекеттік басқару  
о р г а н ы б е л г і л е й д і .

Қазыналық кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін  
Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 42-бап жаңа редакцияда - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.

**4 3 - б а п .**

Ескерту. 43-бап алынып тасталды - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.

#### **44-бап. Қазыналық кәсіпорын мен оның меншік иесінің жауапкершілігі**

1. Қазыналық кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша билік етуіндегі  
а қ ш а м е н ж а у а п б е р е д і .

Қазыналық кәсіпорынның қалған мүлкін өндіріп алуға осы кәсіпорын таратылғаннан басқа жағдайларда жол берілмейді.

2. Қазыналық кәсіпорын өз мүлкін иеленушінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болса, оның міндеттемелері бойынша субсидиялық жауапкершілікті Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік көтереді.

Қазыналық кәсіпорынның шарттық міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тек мемлекеттік тапсырысты орындау шеңберінде ғана субсидиарлық жауапкершілікті көтереді.

4. Таратылған қазыналық кәсіпорынның мүлкі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға жеткіліксіз болған жағдайда, соңғылары осы кәсіпорын мүлкінің меншік иесі есебінен талаптың қалған бөлігін қанағаттандыру туралы сотқа талап қоюға құқылы.



5. Зейнетақылар төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың міндеттемелері бойынша жауапкершілікті толық көлемде Қазақстан Республикасының Үкіметі к ө т е р е д і .

Ескерту. 44-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11 N 154, 1998.12.16 N 320, 1999.11.04 N 472 Заңдарымен.

#### **45-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды қазыналық кәсіпорын етіп қайта құру**

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық кәсіпорынды қазыналық кәсіпорын етіп қайта құру мемлекеттік басқару органының уәкілетті органмен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен, коммуналдық кәсіпорынды қайта құру жергілікті атқарушы органның шешімімен жүргізіледі.

#### **2. (алып тасталды)**

3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды қазыналық кәсіпорын етіп қайта құру жөніндегі барлық шығын, сондай-ақ кәсіпорында жеткілікті қаржы болмаған жағдайда қайта құрылатын кәсіпорынның кредиторлармен есеп айырысуы тиісті бюджеттің есебінен жүзеге асырылады.

4. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын негізінде құрылған қазыналық кәсіпорын оған бұрын бөлінген мемлекеттік мүлік пен ақшасы, сондай-ақ жерді пайдалану, табиғатты пайдалану, жер қойнауын пайдалану, квотаны, лицензияны және бұрын жасалған шарттарды беру жөнінен, егер соңғылар жаңадан құрылған қазыналық кәсіпорынның мәні мен мақсатына сәйкес келсе, қайта құрылған кәсіпорынның құқықтық мұрагері болып табылады.

5. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын қазыналық кәсіпорын болып қайта құрылған кезде оған бекітіліп берілген мүліктің құқықтық режимі кәсіпорынды қайта құру туралы шешім қабылданған сәттен бастап шаруашылық жүргізу құқығынан жедел басқару құқығына ауыстырылады.

Ескерту. 45-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 1997.07.11 N 154, 2002.05.21 N 323 Заңдарымен.

### **4-Тарау. Еншілес мемлекеттік кәсіпорын**

#### **46-бап. Еншілес мемлекеттік кәсіпорын ұғымы**

Өз мүлкінің есебінен басқа мемлекеттік кәсіпорын құрған заңды тұлға еншілес мемлекеттік кәсіпорын болып табылады.

Еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құру құқығын шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындар ғана пайдалана алады.

#### **47-бап. Еншілес мемлекеттік кәсіпорынның құқықтық жағдайы**

1. Еншілес мемлекеттік кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын нысанында құрылады және аталған кәсіпорындардың түрі үшін осы Заңмен берілген өкілеттікті пайдаланады.

2. Еншілес кәсіпорынның өз міндеттемелері бойынша жауапкершілігі, сондай-ақ негізгі кәсіпорынның еншілес кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауапкершілігі осы Заңның 30-бабында белгіленген ережелерге сәйкес туындайды.

#### **48-бап. Еншілес кәсіпорындарды құрудың мақсатын**

Еншілес мемлекеттік кәсіпорындар:

- 1) негізгі кәсіпорынды, оның ішінде монополияға қарсы заң талабы күшіндегі кәсіпорынды ықшамдау;
- 2) негізгі кәсіпорынның филиалдарын дербес заңды тұлға етіп қайта құру;
- 3) негізгі өндірістің тиімділігін арттыру үшін қосымша және мамандандырылған өндіріс құру;
- 4) негізгі өндірісті оған тән емес қызмет пен функция түрлерінен босату мақсатында құрылады.

#### **49-бап. Еншілес кәсіпорындарды құрудың тәртібі**

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жататын еншілес кәсіпорын уәкілетті орган мен монополияға қарсы органның келісімімен негізгі кәсіпорынды мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатымен құрылады.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға жататын еншілес кәсіпорын уәкілді орган мен монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшесінің келісімімен негізгі кәсіпорынды мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органының ұсынуы бойынша жергілікті атқарушы органның рұқсатымен құрылады.

2. Негізгі кәсіпорын еншілес кәсіпорынның құрылтайшысы болады.

3. Еншілес кәсіпорынның жарғысын оның құрылтайшысы (негізгі кәсіпорын) өзінің жоғары тұрған мемлекеттік басқару органының келісуі бойынша бекітеді.

4. Еншілес кәсіпорын басқа еншілес кәсіпорын құруға құқылы емес.

**Ескерту. 49-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323, 2006.07.07 N 174 ( ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **50-бап. Мемлекеттің уәкілді органы**

1. Мемлекеттің уәкілді органы құқығын пайдаланатын, осы Заңның 25-бабы 1 -тармағының 1), 2-1) тармақшаларында көзделген, негізгі кәсіпорынның уәкілетті органымен келісілетін жағдайларын қоспағанда, негізгі кәсіпорын еншілес кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің оған қатысты функциясын жүзеге асыратын орган болып табылады

2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жататын еншілес кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен шаруашылық жүргізу құқындағы кәдімгі кәсіпорын болып қайта құрылуы мүмкін.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға жататын еншілес кәсіпорын жергілікті атқарушы органның шешімімен шаруашылық жүргізу құқындағы кәдімгі кәсіпорын болып қайта құрылуы мүмкін.

**Ескерту. 49-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2002.05.21 N 323 Заңымен.**

**51-бап. Осы Заңның күшіне ену тәртібі**

Осы Заң жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*